

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ҚАЗЫҒҰРТ АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІ «САКЕН СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ		РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА ИМЕНИ САКЕНА СЕЙФУЛЛИНА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ КАЗЫГУРТСКОЙ РАЙОНА ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
--	---	--

Хаттама №

Күні: ----.08.2022 ж

С. Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде «Қамқоршылық кеңесі» жиналысы болып өтті.

Қатысқаны – 13

Мектеп директоры Б.Турдалиева

ДТІЖО Б. Момбеков, С.Бейсебаева

Кеңес мүшелері К. Оразов, К.Атамбаев

Педагог-психологтар А. Тойшыбекова, Д.Шерметова

Әлеуметтік педагогтар Ж.Эргашев, А.Акынгазиев

Ұйымдастырушы педагогтар А.Кожобекова

КББП К.Дуйсенова, Ф.Сахова

Сынып жетекшілер

Күн тәртібінде:

1. С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде «Жалпыға міндетті білім беру айлығы» барысында тамыз-қыркүйек айларында «Мектепке жол - Шекарасыз жақсылық» ұранымен «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ДТІЖО Ж. Калдыбаева өз сөзінде С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде «Жалпыға міндетті білім беру айлығы» барысында тамыз-қыркүйек айларында «Мектепке жол - Шекарасыз жақсылық» ұранымен «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастырылып жатқанын айтты.

Келесі сөзді мектептің әлеуметтік педагогы Ж. Эргашев «Мектепке жол» акциясының мақсаты: 1) Әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасыдан шыққан, көп балалы отбасы, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, асырушысынан айырылған, аз қамтамасыз етілген мұқтаж отбасы, жалғыз басты ана тәрбиесіндегі балаларға т.б төтенше жағдайға дұшар болған отбасыларға көмек беру. 2) Киім-кешек, аяқ киім, кеңсе тауарлары және т. б заттардың жоқтығынан мектепке бара алмай қалуының алдын-алу болып табылады. Комиссия мүшелеріне балалардың тізімімен таныстырып өтті. Балалардың тізімі қосымша бетте тігіліп, бекітілген. Осы ауқымды іс-шараға бұйрығы шығарылып, жоспары бекітілді. Бұл акцияның мақсаттары мен міндеттері туралы ауыл халықтары ақпараттандырылып, ауылымыздың көпшілік жерлеріне үндеу хаттар түрінде бұрыштар құрылып шаруашылықтар, кәсіпкерлер, ұйымдарға осы акция туралы хабарландырылды деді.

Осы тыңдалған мәселелер бойынша жиналыс мүшелері бір ауыздан қолдау көрсетті.

Шешім етеді:

1. Акцияның іс-шара жоспары жасалып бекітілсін;
2. «Мектепке жол» акциясы қарсаңында балаларға демеушілік жасайтын демеуші кәсіпкер, еріктілер, ұйымдармен жақын қарым-қатынас орнатылсын.

Хатшы

Н. Раманкулова